апталық облыстық ақпаратты-жарнамалық газеті * еженедельная областная информационно-рекламная газета

# ПРИОЗЁРСКИЙ Вестник

18+

№ 47/639

22 ноября 2019 года

газета издается с 26.06.2004 года

*1-желтоқсан – Тұңғыш Президент күні*

## АУЫЛДАН ШЫҚҚАН КӨШБАСШЫ




Тұңғыш Президент күні – бұл тарихи таңдау күні барлық қазақстандықтардың Ұлт көшбасшысы, Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың төңірегіне топтасу күні. Тәуелсіздік пен бостандықтың игі мұраттарынан баянды етіп, өркениетті елдерге тән қадамдар жасауда, ел алдындағы саясаткерлік, қайраткерлік, азаматтық және перзенттік парызын адал орындап, әлемдік беделге ие болған. Оның ел тәуелсіздігін нығайтудағы, халықаралық аренада мемлекет беделін көтерудегі еңбегіне ризашылық білдірген хаттар, төрткүл дүниеде журналистер қауымы жарыса жақсылап жазып, әділ бағаларын беруде.

Елбасының балалық шағынан бозбалалық шағына дейін Шамалған ауылында өсті. Сол кезеңдегі көптеген қиындықтарды басынан өткерді. Кедейліктің, сол заманғы қиындықтың ащы дәмін татты. Жер аударылып келген шешен, орыс, украин, чуваш халықтарымен бір нанды бөлісіп жеп, тату-тәтті өмір сүрді. Бұл қасиет қазіргі таңда, жүз отыздан аса ұлтты ел болуымыз, балалық шағының бір парағы іспетті. Білімге құштарлығы сол балалық сәби кезінде-ақ қалыптасты. Бір естелігінде: «әдетте мені мектепке баруға әтештің шақыруына қарай оятатын. Сағат дегеніңіз атымен болмайтын. Ұйқылы көзбен қалың өқарды омбылап, алты –жеті шақырым жол жүріп мектепке жететінмін. Жеткен кезде кейде сағат әлі бес не алты болып шығатын»-дейді. Өте еңбекқор, мінезі де өте жақсы, биязы, мейірімді, көмекке зәрулерге әрдайым қасынан табыла кетеді екен. Үйге берілген тапсырмаларды түнделетіп болсын, шамжарығымен оқиды екен. Сонда әкесі түні бойына от жағып, баласының білімге құштарлығына сүйсіне ерекше көзбен қараған. Бір өзінде қазақ-орыс тілінде шешендігі, өнерге жақындығы: домбыра, аккордеон, баян тарту, ән айту, ақындық, сазгерлік қасиеті және спорт ол үлкен орын алады екен. Украинада жүргенде 1-разрядты спортшы нормативін, уақыт өте келе баскетбол, волейбол, теннис, гольф, атқа міну, тау шаңғысы сияқты спорт түрлерін жақсы меңгерген.Мектеп қабырғасында жүргенде кітап оқуға қашан болмасын, уақыт табатын көрінеді. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, біздің Елбасы «бес аспап» немесе «әмбаб». Елбасы мектепті күміс медальға бітірген екен.

Тұңғыш Президенттің өміртарихы былайша өрбиді: Теміртауда кадрлер дайындау мақсатында Украинаға, Днепродзержинскіге барып, ВТУЗ-да оқып келеді. Қарағанды металлургия зауытында жұмыс істеді. Көптеген істер атқара жүріп, қызметі жоғарылай түсті. Қарағанды облысы Теміртау қаласындағы партия комсомол жұмыстарында жауапты қызметтер атқарды, партком хатшысы, Қазақстан КП Орталық комитетінің хатшысы болды. 1984-жылдан 1989-жылға дейін Қазақ КСР министрлер Кеңесінің төрағасы. Ал,1989-1991-жылдары Қазақстан КП Орталық Комитетінің хатшысы, 1990-жылдың сәуірінен Қазақстан Республикасының Президенті. 1991-жылдың 1 желтоқсанында тұңғыш рет Қазақстан Президентінің жалпыхалықтық сайлауы өтті. Сайлауы нәтижесінде Нұрсұлтан Назарбаев Әбішұлы басым дауыспен жеңіске жетті. Осы орынтақта үстіміздегі жылдың көктеміне дейін отырған Тұңғыш Президент ең жоғары лауазымды қызметін өзінің сенімді серігі, мықты дипломат, қазақстандықтарға ғана емес, шетелдерге де кеңінен танымал тұлға Қасым-Жомарт Тоқаеқа тапсырды. Қ.Тоқаев осы шылғы шілдеде өткен Президент сайлауында айқын басымдықпен жеңске жетіп, еліміздің Президенті болып сайланды.

Қорыта айтқанда, бүгінгі таңда «Нұр Отан» партиясының, Қауіпсіздік кеңесінің, Қазақстан халқы ассамблеясының төрағалары лауазымды қызметтерін атқарып отырған Нұрсұлтан Назарбаев – ғасыр тұлғасы, елінің жанын ұғатын, халқын замана көшімен аман алып келе жатқан қамқоршы. Айналасына нұрын төккен, жылу шашқан Нұрсұлтан Назарбаевтай тұлғалардың қоғамдағы алар орны ерекше. Елбасының бергенінен әлі де берері мол екеніне кәміл сенеміз.

**Қыс айының басталар күнімен тұстаса келген мерекелеріңіз құтты болсын, Приозерск қаласының тұрғындары!**

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,**
***Приозерск қаласы.***

*Новости Акорды*

## ГЛАВА ГОСУДАРСТВА ОЗНАКОМИЛСЯ С ОБЪЕКТАМИ ИННОВАЦИОННОЙ ЭКОСИСТЕМЫ СТОЛИЦЫ

**Касым-Жомарт Токаев посетил школу программирования «Alem», Международный технопарк IT-стартапов «Astana Hub» и университет информационных технологий «Astana IT University». Все объекты расположены на территории «Астана ЭКСПО-2017».**



В школе «Alem» Президент Казахстана был ознакомлен с программой обучения. Во время беседы с учащимися он отметил востребованность и актуальность IT-сферы в мире.

— Задача Казахстана состоит в том, чтобы не отстать от мировых тенденций. Самое главное – двигаться в русле, поскольку иначе мы будем отброшены на обочину мирового развития. Нам нужно обучать молодежь всем этим навыкам, вовлекать ее в эту сферу. У нас очень способная молодежь, которая стремится получать знания, — отметил Глава государства.



Ученики рассказали Касым-Жомарту Токаеву о том, как научиться программировать без учителей, лекций, оценок и других элементов традиционного образования.

Затем состоялось знакомство с деятельностью и инфраструктурой «Astana Hub». Президенту представили несколько стартапов – киберспортивную платформу для матчмейкинга, автоматизированную торговую площадку «INUI Software», мобильные постаматы «Tastamat», систему фиксирования прихода и ухода сотрудников с использованием биометрии «Clockster» и другие проекты, которые реализуется на базе технопарка.

В «Astana IT University» Главу государства проинформировали об основных направлениях работы вуза, показали учебные аудитории, лаборатории.



Касым-Жомарт Токаев призвал студентов получать хорошее образование, чтобы успешно работать на благо страны.

-Университет создан по инициативе Елбасы Нурсултана Назарбаева. У меня нет никаких сомнений в том, что он будет престижным и, самое главное, будет готовить квалифицированных специалистов. Чем лучше вы будете учиться, тем больше шансов у вас будет в этой сложной и непредсказуемой жизни, — сказал Президент.

**Источник: www.akorda.kz**

## ИЗМЕНИТЬ ПЕНСИОННУЮ СИСТЕМУ КАЗАХСТАНА ПРЕДЛАГАЮТ ЭКСПЕРТЫ

**В Казахстане предлагают модернизировать пенсионную систему. Об этом сообщил старший партнер Центра стратегических разработок Олжас Худайбергенов на втором Форуме стратегических инициатив, передает корреспондент Kazpravda.kz.**

"Недавно был опубликован рейтинг лучших пенсионных систем. И если взять десятку лучших стран, их пенсионные системы предполагают при переносе (к нам – прим. автора) рост налоговой нагрузки в 2-2,5 раза. Естественно, мы себе этого позволить не можем. И только сингапурская модель позволяет сохранить налоговую нагрузку и даже ее немного снизить", – сообщил Худайбергенов.

При этом он отметил, что только в Сингапуре пенсионная система тесно связана с жилищной системой, и она позволяет решить сразу несколько вопросов.

"Это и вопросы обеспеченности жильем населения, и экономический рост, и занятость населения, сразу все вопросы решаются вкупе. При этом надо упомянуть, что Сингапур является номер один в мире по конкурентоспособности и единственной страной в мире, у которой нет внешнего долга", –продолжил спикер.

Он добавил, что такой опыт можно реализовать и в Казахстане. Однако потребуется некоторая адаптация, так как институциональная часть у нас немного отличается.

"В Сингапуре, скажем так, есть свой ЕНПФ, который выполняет функции, как у нас ЕНПФ, ГФСС, ГЦВП. У них это одна структура. В Сингапуре есть два вида взносов - это индивидуальный подоходный налог и пенсионный взнос, других видов налогов нет. И общая налоговая нагрузка на фонд оплаты труда на 10-20% ниже, чем у нас. Там система сделана так, что человек может распоряжаться своими накоплениями - на жилье, образование, медицину. И естественно, тогда он уже не относится к пенсионному взносу как к налогу", - сказал старший партнёр Центра стратегических разработок.

"Сейчас наши предложения - это предложения экспертного сектора. Я надеюсь, что Президент рассмотрит этот вариант и примет решение. С точки зрения подготовки, это потребует год, максимум два. Пока запустится новый вариант пенсионной системы, можно начать жилищную реформу и через два года запускать с адаптацией под Казахстан. 10% на жилищный счет. Да, это примерные расчеты, на самом деле в Сингапуре ставки меняются в зависимости от возраста человека. Чем человек старее, тем меньше ставка. Это несет побочный эффект, что работодателю становится выгодным держать человека, если он стареет. Их модель блестяще отражает все потребности и возможности человека", –заключил он.

**Источник: www.akorda.kz**

# ҒҰМЫР КЕЗЕҢДЕРІН БІЛЕМІЗ БЕ?

*«Болашаққа бағдар: “Рухани жаңғыру”*

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Менің замандастарым және жетпісінші жылдардың соңына дейінгі туған жандар қазақтың салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым-тиымдарына біршама қанығып өсті деп толық айта аламын. Себебі, ол кездегі ата-әжелердің бойында да, қаны мен болмысында да қазақи қасиет жойылы қоймаған болатын. Сол ата-әжелердің алдында болып, ертегі-әңгімелерін есетіп өскен ұрпақ ол кзде жаһанданудың салқынына ұрынбаған еді. Ұлттық рухтан жырақтамаған біздің замандастарымыз иман мен сауаптан, ұят пен ардан, білім мен біліктен, өнер мен өреден кенжелемеген күйі жаңа дәуірге қадам басты. Жасыратыны жоқ, бүгінгі буынның басым көпшілігі жаһандану дәуірінің дауылды боранына төтеп бере алмады. Ең бірінші олар әдеби кітап оқудан, үлкендердің ғибратты әңгімелерін тыңдаудан бас тарту арқылы руханиат әлемінен біртіндеп жырақтай бастады. Бұл – болашақ үшін үлкен нәубет, қайғылы қасірет! Осыларды ой елегінен өткізе отырып, төмендегі мақаланы газет оқырмандарының назарына ұсынуды жөн көрдім. Санасында саңылауы бар жандар оқып, аз да болса қазақтың таза болмысынан хабардар болар деп үміттенемін. Мақала адамның ғұмыр кезеңдеріндегі атаулар туралы жазылған.

Мемлекет басшысы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында тарихи сананы жаңғыртып, озық дәстүрлерді жандандыруды ұсынды. Ендеше, дәстүріміздің бір бөлшегі болған ғұмыр кезеңдерін неге жаңғыртпасқа?.. Қазақтың даналығына таң қаласыз. Астрономиялық, медициналық дәлдіктерін айтпағанның өзінде ғұмыр кезеңдерін адамның болмыс-бітіміне сай жүйелеген ғой. Бірақ, ғасырлар бойы қолданыста болған ғұмыр кезеңдерін біле бермейміз-ау, осы! Неге дейсіз ғой? Бүгінде «Ел ағасы», «Ақсақал» сөзін орынсыз қолдана беретін болдық. Тіпті, «бала» деген тіркестен басқасын білмейміз. Жалпы, пенденің өмірі жатырда басталады десек, дана халқымыз ондағы өмір кезеңдеріне де атау бере білген. Мәселен, жатырда қырық күнге дейінгі қалыптасып, дамуын «Қаған» десе, мүсіндену кезеңін «Ұлпан» деген. Дүниеге шыр етіп келген сәтінде «Қызылшақа», «Шақалақ» деп атаған. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Қызылшақа» – әлі өсіп жетілмеген, жаңа туған, – деген анықтама берілген. Міне, осы сөзді тиісінше қолдана алмай жүргеніміз рас. Әсіресе, ақпарат беттерінен «Бүгін пәленше «бала» туылды» дегенді жиі оқитын болдық.

Баланың екі жастан алты жасқа дейінгі ғұмырлық жылдарын «Сәби» (жас нәресте) десе, үш жастағыны «Балдырған», бес жасында «Балғын» деп атаған. Ал, он төрт жастағы ұл баланы «Жасөспірім», қыз баланы «Қарақ, Бүрлен» деген. Он жеті жастағы ұлды «Бозбала», қызды – «Бойжеткен, Қырмызы» (құда түскен болса «Сырғалы» қыз делінеді) депті. Екінші мүшел жасқа толған жігітті – «Берен, Көлтөстік, Жалан», қыз – «Ақмалжын, Қарша, Келіншек (үйленген)» деп аталады. Отыз жастағы жігітті – «Дүр берен» деп атаған. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Берен» – нағыз шын болат. «Дүр» – маржан, інжу, атақты, даңқты мағынасын береді екен. Осы сөздердің мәніне қарап, отызды «орда бұзар жас» деп бекер айтпағанын ұғасыз. Отызда орда бұзатыны жайлы ғылыми тұрғыда да дәлелденді. Мәселен, зерттеушілер 500-ден астам Нобель лауреаттары мен 300-ден астам ХХ ғасырдың әйгілі өнер тапқыштары туралы деректерді саралайды. Нәтижесінде олардың 96 пайызы өз жаңалықтарын 30 жасында ашқанын анықтайды.

Камал алар қырық жастағы ерді – «Бұзбілек, Ертүлегі» депті түсіндірме сөздікте: «Бұз» – біркелкі күйді (жайды) дағдылы қалпынан өзгерту деп тәпсірленген. «Білек» – қара күш, мықты делінген. Яғни, ақыл толысқан, мінез-құлық қалыптасқан, ой-парасаты кемелденген жас. Сонымен бірге, әр істің мән-жайын жан-жақты пайымдай білетін кезең. Сондықтан, қамал алатын қырық жасты «Бұзбілек» деген сынайлы. Елу жастағыны «Ел ағасы», «Ауыл ағасы» деп құрметтеген. Яғни, ағайын-туыс пен ауылдың арасынан шыққан дау-жанжалды бітістіріп, төрелік айтып отыратын тұлға. Ертеректе ел ағасы әлеуметтік қатынастарды реттеудің қауқарлы институционалдық тетіктерінің бірі болды. Демек, елу жаста елдің алдында төрелік айтып, елдік мәселелерге араласқан, кемелденген жас деуге болады.

Пайғамбар жасы, алпыс асқарындағыны «Марқасқа» дегенін аңғаруға болады. Түсіндірме сөздікте: «Марқасқа» – нағыз, мықты, зор, деп түсіндірілген. Жетпістің желкесіне шыққан ерлерді «Ақсақал, Мұзау» дейді. Ал, кемпір аты: «Ақбұрым, Шынал, Кемпір». Сексеннің сеңгіріне шыққан ерді «Батагөй» десе, кемпірді «Ақүрпек ана» деген. Ортақ аты – «қария». Тоқсанның тозғанақ өңді жасы, тоқсан судың ақылдасуы деген сипаттама атаулар басталатын тоқсан жастағы қартты «Бабаш, Бабырақ». Кемпір аты: «Мемен, Аба». Дәуір иесі, жүздің шыңына шыққан қартты «Баба, Тырау». Кемпір аты: «Кейуана, Дұба, Манар». Бұл жасқа келіп бірақ бала көрмеген кемпір – «Қызмамалы» делінеді. Қазіргі жеткіншектер мен жас буынға осына мақаламыз ықпал етіп, бойларына сіңріп жатса, нұр үстіне нұр болады деп ойлаймыз.

**Н.ҚЫДЫРМҰРАТҰЛЫ.**

*Руханият*

# ҮКАША АТА КЕСЕНЕСІ ЖАНЫНАН МУЗЕЙ АШЫЛДЫ

**Түркістан облысында Үкаша ата кесенесі жанынан музей ашылды. «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің құрамына діни-рухани ескерткіш ретінде тізімге алынған кесенедегі «Үкаша ата тарихы» музейіне Құран кітаптар мен атаға қатысты аңыз-әңгімелер, суреттер, VII-IX ғасырларға тән құмыралар, диірмен, XIX-XX ғасырларға жататын мыс құмған сынды жәдігерлер қойылған.**

– Тұңғыш Президентіміз –Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Музей экспонаттары дәуірлердің қандай да бір кезеңіндегі әртүрлі шаруашылық салаларының даму үдерісін көрсетеді» деген болатын. Үкаша ата музейі де елімізде ислам дінінің таралу кезеңінен үн қатады. «Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің алға қойған мақсатының бірі – кесенеде музей ашып, төл жәдігерлер мен тарихты тереңінен насихаттау еді. Бүгін міне сол ниет орындалып отыр, – деді ашылу салтанатында «Әзірет Сұлтан» қорық-музейі директорының орынбасары Мұрат Тастанбеков.

Шара барысында кесене шырақшысы Шәмшиддин Зәкиров Үкаша атаның соңғы пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) сахабаларының бірі болғанын және Алла елшісінің арқасындағы мөрін көрген жалғыз сахаба екенін айтып, өзге де аңыздар жайынан сыр шертті. Тарихи-мәдени ескерткіш ретінде мемлекет қарауына алынған кереметке толы құдық пен сахабаның қабірі жатқан кесене жайлы аңыз-әфсана, жыр-дастандар көп. Ел арасында аңыз тұлға ретінде танымал ата жөнінде арнайы жазылған тарихи зерттеу еңбегі жоқ. Аңыз бойынша Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с) сахабасы Үкаша атаны жау жеңе алмаған, ешбір пенденің оғы өтпейді, қылышы кеспейді. Тек таң намазын оқыған кезде қорғансыз болады екен. Оны білген дін дұшпандары Үкаша ата таң намазын оқып отырған кезде келіп, басын қылышпен шауыпты. Жансыз басты періштелер домалатып қырдың етегіне жеткізіпті. Сол жер қақ айырылып құдық болып Үкаша ата басы оған түсіп жерасты өзен арқылы Мұхаммед пайғамбарға (с.ғ.с) жетіпті. Сахабаның қаны тамған жердің бетіне саздан ұзындығы 21 метр белгі соғылған. Зияратқа барғандарға әулиенің шырақшылары Үкаша атаның басы домалап түскен құдықты, атаның түйесінің ізі қалған тасты көрсетеді. Зияратшылар құдыққа кезекпен шелек салып су алуға әрекет етеді.




Түркістан өңірінің тарихын және музей ісін кеңінен насихаттау мақсатында ашылған музейді шараға қатысушылардан бөлек, Ақтау, Алматы, Қостанай өңірінен келген зияратшылар да тамашалады. Музейге кесенені қалпына келтіріп, айналасын абаттандырған алғашқы шырақшы Кәміл қары мен оның жәрдемшісі Атажанның суреттері, өлкенің тарихынан сыр шертетін археологиялық жәдігерлер мен музей жанашырларының сыйға тартқан көне әшекей бұйымдары, тарихи кітаптар да қойылған. «Кәміл қары мен Атажан атамыз осы жерге түнеп, моланың үстіне асармен үлкен кесене тұрғызған. Ол 1947 жылдың басы болатын. Біз де көмек беріп, аталарымызға қолғабыс жасағанымыз есімде. Жәрдемге көп адамдар келді. Аттылы-жаяу адамдар қона жатып, көмектесіп әрі зиярат жасайтын», дейді Кәміл қарының ұрпағы Толқын Құдайбергенұлы.

Айта кетелік, соңғы жылдары Түркістан қаласынан 40-50 шақырымдық жерде орналасқан Үкаша ата кесенесіне келушілер саны да еселеп артқан. Еліміздің түкпір-түкпірінен арнайы келіп, зиярат етіп кететіндерден бөлек Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей сынды көршілес елдерден арнайы келетіндер де көп.

**Дерек-көз: www.egemen.kz**
**Түркістан облысы**

## ТҰРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА *** К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

**«Приозерск қаласының жер қатынастары, архитертура және қала құрылысы бөлімі» ММ Приозерск қаласының тұрғындарына қолданыстағыларды алмастыру үшін бекітілуге жататын төмендегідей нормативтік-құқықтық актілердің шығарылғанын хабарлайды.**

Приозерск қалалық мәслихатының «Приозерск қаласының аумағына салық салу мақсаты үшін аймақтандыру сызбасын бекіту туралы»шешімі.

**Шешімнің жобасын http://zherarh-priozersk.gov.kz сайтынан көре аласыз.**

Решение Приозерского маслихата **«Об утверждении схемы зонирования для целей налогообложения территории города Приозерск».**

**Проект решения можно посмотреть на сайте http://zherarh-priozersk.gov.kz.**

***

Приозерск қалалық мәслихатының **«Приозерск қаласы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы»** шешімі.

**Шешімнің жобасын http://zherarh-priozersk.gov.kz сайтынан көре аласыз.**

**ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры градостроительства города Приозерск» уведомляет жителей города Приозерск об издании проектов следующих нормативно-правовых актов, предлагаемых к утверждению взамен действующих.**

Решение приозерского маслихата **«О внесении изменении в решение повышении ставки единого земельного налога на не используемые земли сельскохозяйственного назначения по городу Приозерск»**

**Проект решения можно посмотреть на сайте http://zherarh-priozersk.gov.kz.**

***

Приозерск қалалық мәслихатының **«Приозерск қаласы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемесін жоғарылату туралы»** шешімі.

**Шешімнің жобасын http://zherarh-priozersk.gov.kz сайтынан көре аласыз**

Решение Приозерского маслихата **«О повышении базовых ставок земельного налога на не используемые земли сельскохозяйственного назначения по городу Приозерск».**

**Проект решения можно посмотреть на сайте http://zherarh-priozersk.gov.kz.**

*Әлеуметтік салада не жаңалық!*



# МҮГЕДЕКТЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ

Еліміз Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарта түсуді қолға алғалы бері елеміздің тұрғындарына көптеген әлеуметтік көмек көрсетілудің жаңа шаралары жасалуда. Соның бірі – мүгедектігі бар азаматтар Әлеуметтік қызметтер портал арқылы оңалту құралдарына және арнаулы әлеуметтік қызметтерге өздері тапсырыс бере алады. Атап айтқанда, 2020-жылдың 1-қаңтарынан бастап Әлеуметтік қызметтер порталы (бұдан әрі – Портал) іске қосылып, мүгедектігі бар адамдар техникалық оңалту құралдарға (бұдан әрі -ТОҚ) және урнаулы әлеуметтік қызметтерге өз бетінше тапсырыс бере алады.



«Әлеуметтік қызметтер порталы» автоматтандырылған ақпараттық жүйсін енгізу мүгедектігі бар азаматтардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасынжақсартудың Ұлттық жоспары аясында қарастырылған. Мүгедектерді оңалту құралдарына: протездік-ортопедиялық, сурдо-тифлотехникалық және гигиеналық құралдар, сондай-ақ арнаулы жүріп-тұру құралдары жатады. Арнайы әлеуметтік қызметтер: жеке көмекшілердің, ымдау тілі мамандарының және санаторийлардың қызметтерін қамтиды. Бүгінгі күні ТОҚ және жоғарыдағы қызметтер мемлекеттік сатып алу аркылы ұсынылады. Әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін жаңғырту, қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыру мақсатында енгізіледі. Порталдың енгізілуі оңалту қызметтеріне қажеттілікті айқындайды. Ең бастысы, көрсетілетін қызметтер мен оңалту құралдарының қызмет алушылардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес келмеуі мәселеллерін шешеді, себебі мүгедектер қажетті құралдар мен қызмет түрлерін өздері таңдай алады.

Порталды енгізу нәтижесінде ТОҚ және арнаулы әлеуметтік қызметтерді проактивті формат арқылы тағайындау бизнес-процесстерінің мерзімін 1-2 аптаға дейін қысқарады.

Мүгедектігі бар азаматтардың ұсыныстарына сәйкес техникалық құралдармен оңалту қызметтерінің белгіленген бағаларын өтеу механизмі қарастырылған. Бұл анағұрлым қымбат тауарлар мен қызметтерді таңдау барысында порталда қосымша төлем жасау функциясы қолжетімді болатындығын білдіреді. Сонымен қатар, сертификаттары бар мамандар кеңінен қолжетімді болады, ал медициналық әлеуметтік мекемелердің бірынғай тізілімінде барлық медициналық әлеуметтік мекемелердіңжабдықталуы мен жүктелуі ескеріледі.

Порталдың іске қосылуы оңалту құралдары мен қызметтер, үйден «бір терезе» арқылы уақытылы, әлеуметтік көмек алу, сонымен қатар жеке қажеттіліктерді есепке алу, өнім берушілер мен қызмет көрсетушілер, әлеуметіік қызметкерлер мен мамандар туралы мәліметтерге тең қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Бұл адал бәсекелестікті арттырады және оңалту құралдары мен қызметтерін іске асыруда әлеуетті өнім берушілердің қатысуының ашықтығын қамтамасыз етеді.

**Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ**

*Сүйінші хабар!*

# ҚАЛАЛЫҚ КІТАПХАНА ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІ

Қарағанды облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы 2019-жылдың 13-мамырынан бастау алған және осы жылдың қазан айына дейін жалғасқан «Қоғамның әлеуметтік-мәдени өзгеру жағдайындағы қалалық кітапхана» атты облыстық байқауы қортындыланып, оның жеңімпаздары мен жүлдегерлері белгілі болды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында дайындалған, Гоголь атындағы Қарағанды облыстық кітапханасы мен Қарағанды облыстық мәдени-сауық және халық шығармашылығының орталығы ұйымдастырушысы болған байқаудың мақсаты мен міндеттері белгіленді. Мәдени-білімі, кәсіптік бағдар беру және ақпараттық-технологиялық перспективтік-инновациялық жобалар мен бағдарламаларды іске асыратын шығармашыл кітапханаларды ынталандыру, қалалық кітапханалардың ақпараттық, әдістемелік білім орталығы ретінде одан әрі қалыптасуы, кітапханалардың инновациялық қызметін қолдау және ынталандыру, халыққа әлеуметтік-мәдени қызмет көрсетуде кітапхана жұмысының қазіргі заманғы тәжірибесін тарату, кітапхана қызметкерлерінің шығармашылық потенциалдарын ашып көрсету, жұмыстың дәстүрлі емес жолдарын тауып, жүзеге асыру, үздік қалалық кітапханаларының әдебиеттерін насихаттау бойынша көрсетілген оң нәтижені жүйелеу, жинақ-тау және тарату һәм тағы басқа аталмыш саладағы мақсат-міндеттерді көздеген байқауды өткізу тәртібі, өткізілу кезеңдері, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау мәселесі, жүлде қоры, байқау жұмыстарын бағалаудың негізгі өлшемдері, комиссия-қазылардың жұмыс істеу тәртібі белгіленіп, мамырда басталған байқау қазан айының соңына қарай өз мәресіне жетті.




Аталған байқауға біздің қаламыздан «Приозерск қалалық кітапханасы» ұжымы да қатысқан болатын. Жарты жылдай уақытқа созылған байқау барысында кітапхана директоры Павлина Сиязбекқызы Кенжебекованың ыждағаттылықпен ұйымдастыруы және басшылығының арқасында кітапхана ұжымының қызметкерлері талмай еңбектеніп, байқау қортындысы бойыншы жоғарғы нәтижеге қол жеткізді. Нақтырақ айтқанда, комиссия-қазылардың шешіміне орай кітапхана қызметкері Майра Сайлаубекқызы Айтжанова Қарағанды облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Қоғамның әлеуметтік-мәдени өзгеру жағдайындағы қалалық кітапхана» байқауының «Кітапхана және өлкетану орталығы бойынша ең үздік жоба» аталымының дипломымен марапатталды. Сондай-ақ, «Қоғамның әлеуметтік-мәдени өзгеру жағдайындағы қалалық кітапхана» атты облыстық байқауының аясында жобаны таныстыруда кітапхана директоры Павлина Сиязбекқызы Кенжебекова, кітапхана қызметкерлері Шолпан Өмірзаққызы Қозыгелдиева, Ульяна Қинабқызы Джентинбаева және Фариза Ілиясқызы Қанағатовалар Алғыс хаттарға ие болды. Бұдан басқа кітапхана ұжымына бағалы сыйлық – үш бірдей мүмкіндікке ие арнайы принтер мен музыкалық ойнатқыш сыйлыққа табыс етілді.

Аймақтық деңгейдегі ауқымды жобаға ұйымшылдықпен қатысып, жеңіс тұғырының биігінен көрінген жерлістерімізді жеткен жетістіктерімен құттықтаймыз және алдағы қызметтеріне шығармашылық табыстар тілейміз!

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,**
***газеттің арнаулы тілшісі.***

*Информация к размышению*

# АРЕНДА ИЛИ ИПОТЕКА: ЧТО ВЫГОДНЕЕ В КАЗАХСТАНЕ

**У любого жителя, проживающего в Казахстане, показателем благополучия и стабильности является наличие в собственности жилья. Аренда квартир всегда считалась временной мерой.**

Прежде, чем купить собственную квартиру, многие сначала живут в аренде. Ведь молодые семьи зачастую не имеют высокого дохода, чтобы сразу купить себе жилье. По мере роста опыта и профессионализма, карьера молодых людей развивается, а значит растет и заработок. И в какой-то момент приходит финансовая уверенность, что семья может взять ипотеку для покупки квартиры. Но насколько все-таки выгодно брать ипотеку? Может все-таки семье дешевле жить в арендованной квартире?

Давайте, подсчитаем все плюсы и минусы аренды и ипотеки.

**Выгода арендного жилья**

К примеру, мы взяли стоимость аренды 2-ух комнатной квартиры в городе Нур-Султан, которая в среднем составляет 180 000 тенге в месяц (***по сайту krisha.kz***). Отсюда следует, что в год вы будете платить 2 160 000 тенге, а течении 25 лет потратите 54 млн тенге.

Выгода такого жилья очевидна:

1.Возможно выбрать близкое расположение квартиры к работе или школе, садику.

2.Можно выбрать квартиры разной планировки.

3.Прожить за короткий промежуток времени сразу в разных районах города.

4.Нет необходимости делать ремонт, покупать мебель. (Обычно это ответственность арендодателя).

Но в аренде так же есть и минусы. Все-таки жилье не свое: не можешь сделать ремонт и обставить по своему вкусу. Арендодатель может в любой момент попросить съехать.

**Покупка квартиры в ипотеку**

Мы взяли за основу просчет выплаты ипотеки по программе «7-20-25» в городе Нур-Султан. Средняя стоимость 2-х комнатной квартиры составляет 17 млн тенге (средняя стоимость покупки жилья по программе «7-20-25»). Взять займ можно на сумму до 25 000 000 тг.

Если вы купите квартиру стоимостью 17 млн тенге на срок 25 лет, при этом внеся 20% первоначальной стоимости, то в месяц вы будете выплачивать 96 121 тенге. Это на 83 879 тенге дешевле арендной квартиры. Разница видна: оплачивая за аренду квартиры за 1 месяц, мы могли внести эти деньги почти за 2 месяца ипотеки. При этом итоговая стоимость выплаченных денег банку вместе с первоначальным взносом составит около 32,5 млн тенге.

Самостоятельно рассчитать ежемесячные выплаты можете согласно калькулятору на сайте программы

Однако не стоит забывать о том, что одним из главных условий ипотеки - является наличие первоначального взноса в размере 20%. А для этого его еще нужно накопить сумму в 3,4 млн тенге. И копить, скорее всего, вы будете, живя на съёмной квартире или с родителями.

Но при этом видим выгоду жилья, взятого в ипотеку:

1.Вы можете делать ремонт на свой вкус и создавать свой собственный интерьер.

2. Быть хозяином в квартире.

3.Заводить домашних животных.

4.Чувствовать уверенность, что вы платите за свою собственность и, если есть необходимость, можете в любое время продать жилье.

Таким образом, живя в аренде, за 25 лет суммарная выплата составит 54 млн тенге. И это без учета того, что стоимость аренды может расти. А выплата по ипотеке - 32,5 млн тенге. И она не будет изменяться, поскольку программа «7-20-25» не допускает изменений в процентной ставке.

Очевидно, что финансовый расклад доказывает выгодность ипотеки. Однако решение о том, жить ли вам в аренде или взять ипотеку, вы должны принять сами, реально оценив свои возможности и планы на будущее.

Если же вы хорошо обдумали и ваше решение в пользу ипотеки, то следующим вашим шагом должна стать консультация в банках, которые выдают ипотеку не только по «7-20-25», но и по-другим выгодным программам.

**Источник: http://ekaraganda.kz**

# РАСПИСАНИЕ ДВИЖЕНИЯ ПАССАЖИРСКИХ ПОЕЗДОВ ПО СТ.САРЫШАГАН

| № п/п | Сообщение | Приб. | Ст. | Отпр. | Дни следования |
|---|---|---|---|---|---|
| 3 | Алматы-2-Нур-Султан НЖ | 23.09 | 10 | 23.19 | ежедневно |
| 4 | Нур-Султан НЖ-Алматы-2 | 23:33 | 10 | 23:43 | ежедневно |
| 9 | Алматы-1-Нур-Султан НЖ | 02:50 | 15 | 03:05 | ежедневно |
| 10 | Нур-Султан НЖ-Алматы-1 | 06:00 | 15 | 06:15 | ежедневно |
| 15 | Алматы-2-Петропавловск | 02:24 | 19 | 02:43 | четным |
| 16 | Петропавловск-Алматы-2 | 18:46 | 15 | 19:01 | нечетным |
| 43 | Алматы-1-Костанай | 6:14 | 15 | 6:29 | ежедневно |
| 44 | Костанай-Алматы-1 | 22:11 | 15 | 22:26 | ежедневно |
| 55 | Кокшетау-Кызылорда | 08:41 | 15 | 08:56 | ежедневно |
| 56 | Кызылорда-Кокшетау | 19:13 | 16 | 19:29 | ежедневно |
| 75 | Кызылорда-Петропавловск | 19:59 | 15 | 20:14 | четным |
| 76 | Петропавловск-Кызылорда | 13:49 | 15 | 14:04 | четным |
| 85 | Нур-Султан НЖ-Сарыагаш | 21:05 | 15 | 21:20 | ежедневно |
| 86 | Сарыагаш-Нур-Султан НЖ | 9:34 | 15 | 9:49 | ежедневно |
| 91 | Кызылорда-Нур-Султан НЖ | 15:30 | 10 | 15:40 | нечетным |
| 92 | Нур-Султан НЖ -Кызылорда | 02.41 | 10 | 02.51 | четным |
| 303 | Алматы-2-Казань | 06:25 | 15 | 06:40 | среда |
| 304 | Казань-Алматы-2 | 07:54 | 15 | 08:09 | понедельник |
| 315 | Ташкент-Екатеринбург | 06:25 | 15 | 06:40 | понедельник |
| 316 | Екатеринбург-Ташкент | 07:54 | 15 | 08:09 | четверг |
| 373 | Алматы-2-Жезказган | 13:18 | 15 | 13:23 | пн.чт. |
| 374 | Жезказган-Алматы-2 | 03:25 | 15 | 03:40 | ср.суб. |
| 707 | Алматы2-Нур-Султан НЖ | 01.28 | 10 | 01.38 | ежедневно |
| 708 | Нур-Султан НЖ-Алматы2 | 02:03 | 10 | 02:13 | ежедневно |
| 705 | Алматы2-Петропавловск | 00:35 | 10 | 00:45 | ежедневно |
| 706 | Петропавловск-Алматы-2 | 03:50 | 10 | 4:00 | ежедневно |
| 711 | Шымкент-Нур-Султан НЖ | 23:42 | 10 | 23:52 | нечетный |
| 712 | Нур-Султан НЖ -Шымкент | 02:41 | 10 | 02:51 | нечетный |
| 50 | Алматы-2 - Уральск | 4.35 | 12 | 4.47 | четным |
| 49 | Уральск - Алматы-2 | 4.46 | 10 | 4.56 | четным |

**Источник: www.https://rasp.yandex.kz/**


**ПАРИКМАХЕРСКАЯ «МИЛОЛИКА»**

**Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру.**

**Ждем Вас по адресу: ул. Космонавтов, 5-107**

**Время работы: с 10.00 час. до 19.00час.**

**Выходной - Понедельник**

****

**Запись по телефону:**

**мастера-парикмахеры:**

**8-775-274-25-87 (Анталий)**

**8-747-970-25-81 (Карлыгаш).**

**На маникюр: 8-708-235-35-19 (Анастасия)**





## СЧИТАТЬ НЕ ДЕЙСТВИТЕЛЬНЫМ

В связи с утерей, следующие документы, выданные на имя

**Чернов Владислав Анатольевич (ИИН950815352080):**

**1.Удостоверение личности гр. РК;**

**2. Водительское удостоверение**

**3. СРТС, сер. МР№ 00061638 от 02.08.2017 г.;**

**4.Свидетельство о прохождении ТО на а/м DB, ГРНЗ 798STA09;**

**5. Страховой полис водителя и страховой полис на перевозку пассажиров.**

**Контактный телефон: 87475691676**

## К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

# БОТУЛИЗМ

**Ботулизм ( от лат. Botulus - колбаса) – тяжелое токсикоинфекционное заболевание, характеризующееся поражением нервной системы, преимущественно продолговатого и спинного мозга, протекающее с преобладением офтальмоплегического и бульварного синдромов.**

Развивается в результате попадания в организм пищевых продуктов, воды или аэрозолей, содержащих ботулотоксин, продуцируемый спорообразующей палочкой Clostridium botulinum. Ботулотоксин поражает мотонейроны передних рогов спинного мозга, иследствие чего нарушается иннервация мышц развивается прогрессирующая острая дыхательная недостаточность.

Входными воротами является слизистые оболочки дыхательных путей, желудочно-кишечного тракта поврежденная кожа и лёгкие, от человека к человеку не передаётся. Несмотря на то, что ботулизм регистрируется гораздо реже, чем другие кишечные инфекции и отравления, он продолжает оставаться актуальным и опасным для жизни заболеванием.

**Классификация**

В соответствии с рекомендациями ВОЗ различают четыре категории ботулизма;

- пищевой ботулизм (заболевание возникает после употребления в пищу продуктов, содержащих накопившийся ботулинический токсин)

- раневой ботулизм (развивается при загрязнении почвой раны, в которой создаются условия, необходимые для прорастания попавщих из почвы Clostridium botulinum и последующего токсинообразования)

- ботулизм детского возраста (возникает у детей преимущественно до 6 месяцев, при инфицировании их спорами Clostridium botulinum)

- ботулизм неуточненной природы (установить какую-либо связь возникшего заболевания с пищевым продуктом не удаётся).

**Профилактика заболеваний и отравлений**

Профилактика пищевого ботулизма затрудняется в связи с широким распространением ботулины в природе и его устойчивостью к неблагоприятным условиям окружающей среды. Основными профилактическими мерами против заражения является создание условий, препятствующих росту и размножению спор бактерий и предотвращение попадания возбудителя в пищу. К последним относятся меры по поддерживанию частоты в местах, где приготавливают пищевые продукты, представляющие собой благоприятное место для развития возбудителя заболевания.

Продукты домашнего консервирования и терметически закрытой таре и являются наиболее опасными для человека, так как в домашних условиях добиться полного уничтожения Clostridium botulinum невозможно. Больше всего это касается грибов, потому что отмыть их от частичек грунта, в котором содержатся споры ботулины, очень сложно. Перед употреблением консервов необходимо прогреть вскрытые банки при 100 С в течение 30 мин (и кипящей воде) для разрушения токсина. Продукты питания, не подлежащие термической обработке, но представляющие собой благоприятное место для токсина (солённая и кипячёная рыба, сало, колбасы), должны храниться при температуре не выше 10 С. Возбудители ботулизма попадают в организм с сырой водой, в том числе речной. Часто такое бывает, когда речную рыбу просаливают или вялят в домашних условиях. На промышленном предприятии рыбе непеременно удалили бы кишечник, а вместе с ним и возбудителей инфекции.

**Т.С.Зарубеков,**
***И.о. начальника***
***Приозёрского городского отделения филиала РГП на ПХВ «Национальный центр экспертизы»***






## О ЛИКВИДАЦИИ ПРЕДПРИЯТИЯ

уведомляет **ТОО «Балхаш-Газ»** (БИК 041040008523), зарегистрированное на имя **Ким Вадим Романович**.

Претензии принимаются в течение 2-х месяцев с даты публикации объявления по адресу: г.Приозерск, БСА-34. кв.32.

**Контактный телефон: 8-71039-54187**


**ОБЪЯВЛЕНИЕ * НЕДВИЖИМОСТЬ * ОБЪЯВЛЕНИЕ**

**Продаю ДОМ – 9 000 000 тенге. Возможен торг.**

г. Караганда, (город, пр. Кольцевой), 3 комн. - 120 м2. Ванна, центральная канализация, отопление на твердом топливе. Огород 6 сот., сарай, гараж, хоз.постройки.

**Тел.: 87070343737, (87212)44-30-35**



**Собственник: ИП Струментов А.В.**
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ **№ 17414-Г** от 24.12.2018 г.
**Адрес редакции**: 101100 г. Приозерск, ул.Космонавтов, д.5-106.
**Справки по тел.** +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
**E-mail**: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт**: www.prz_westnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул.Сатпаева 15, Заказ № 47/639. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

**Главный редактор: Кенжебеков Б.А.**
**Технический редактор: Струментов А.В.**
**Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63**
**Корреспонденция принимается на электронный адрес:** prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганде, а также по подписке во всех городах и районах области.
**Подписной индекс - 65041**


*Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.*